

## Аққұм ауылдық округі Аққұм елді мекені Қапал Батыр көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің Аққұм ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 3 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 наурызда № 6115 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің Аққұм ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 05 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Төлеби ауданы әкімдігінің Аққұм ауылдық округі әкімінің 26.04.2021 № 05 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Төлеби аудандық аумақтық инспекциясының 2021 жылғы 10 наурыздағы № 08-02-07/65 ұсынысы негізінде, Аққұм ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Төлеби ауданының Аққұм ауылдық округіне қарасты Аққұм елді мекені, Қапал Батыр көшесі № 59А үйден ірі қара малдың "бруцеллез" ауруына оң нәтиже бергеніне байланысты, Аққұм ауылдық округі, Аққұм елді мекені, Қапал Батыр көшесіне шектеу іс-шаралары енгізілсін.

2. "Төлеби ауданының Аққұм ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Төлеби ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

